раскрывается взаимосвязанное развитие навыков аудирования, говорения, чтения и письма как ключевых составляющих коммуникативной компетенции. Цель статьи заключается в разработке целостной концептуальной основы, направленной на совершенствование преподавания иностранных языков и развитие коммуникативных умений обучающихся посредством эффективных и инновационных педагогических стратегий.
Ключевые слова: иноязычное образование, коммуникативная компетенция, коммуникативный подход, языковые навыки, личностно-ориентированное обучение.

Поступила в редакцию: 18.02.2026
Одобрена: 06.04.2026
Первая публикация на сайте: 16.06.2026

МРНТИ: 15.01.77 https://doi.org/10.65247/3105-3432-2026-2.10

FoMO ФЕНОМЕНІ: PRZYBYLSKI ШКАЛАСЫН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БЕЙІМДЕУ

*[1]*С.Е.ДАУЛЕТБЕК, [1]А.М.АЙТЫШЕВА*
[1]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Астана, Қазақстан)
**dauletbeksymbate@icloud.com, aigulmukatay3@gmail.com*

Аңдатпа
Мақалада әлеуметтік желілердің кең таралуы жағдайында өзекті болып отырған FoMO (Fear of Missing Out) феноменін өлшеуге арналған A.K.Przybylski әзірлеген шкаланы қазақ тіліне тілдік және мәдени тұрғыда бейімдеу нәтижелері ұсынылады. Зерттеудің мақсаты - FoMO шкаласының қазақша нұсқасының мазмұндық валидтілігін анықтау және оның бастапқы психометриялық сипаттамаларын бағалау. Зерттеу барысында шкала тармақтары қазақ тіліне аударылып, кәсіби сарапшылардың қатысуымен мазмұндық сараптама жүргізілді. Polit және Beck әдістемесіне сәйкес мазмұндық валидтілік индекстері (I-CVI, S-CVI/Ave) есептеліп, шкаланың мазмұндық валидтілігінің өте жоғары деңгейде екені анықталды. Әдістеменің пилоттық апробациясы 20-23 жас аралығындағы 34 респонденттің қатысуымен онлайн форматта жүзеге асырылды. Сипаттамалық статистика, үлестірім ерекшеліктері және ішкі келісімділік көрсеткіштері талданды. Нәтижелер FoMO шкаласының қазақша нұсқасының сенімділігінің жоғары екенін (Cronbach's α = 0,878) және барлық тармақтардың өлшенетін конструктпен үйлесімді екенін көрсетті. Қорытындылай келе, FoMO шкаласының қазақ тіліне бейімделген нұсқасы Қазақстан жастары арасында әлеуметтік желілерді пайдалану ерекшеліктерін, цифрлық мінез-құлықты және FoMO феноменінің психологиялық салдарын зерттеуге жарамды ғылыми-диагностикалық құрал ретінде ұсынылады. Алынған нәтижелер шкаланы әрі қарай кеңейтілген психометриялық тексерулерде және қолданбалы психологиялық зерттеулерде пайдалануға мүмкіндік береді.
Түйін сөздер: FoMO, әлеуметтік желілер, психодиагностика, шкаланы бейімдеу, мазмұндық валидтілік, сенімділік, жастар психологиясы.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану және цифрландыру үдерістерінің жедел дамуы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, әсіресе әлеуметтік желілердің, адамның күнделікті өміріндегі рөлін айтарлықтай арттырды. Әлеуметтік желілер арқылы ақпараттың үздіксіз жаңарып отыруы тұлғаның әлеуметтік ортаға қатысу формаларын өзгертіп қана қоймай, оның психологиялық әл-ауқатына да елеулі ықпал етуде. Осы өзгерістер аясында ғылыми әдебиеттерде кеңінен зерттеліп жүрген әлеуметтік-психологиялық құбылыстардың бірі – FoMO (Fear of Missing Out), яғни маңызды әлеуметтік оқиғаларды, тәжірибелерді немесе ақпаратты өткізіп алу қорқынышы [Przybylski A.K. et al., 2013].

Соңғы жылдары Fear of Missing Out (FoMO) феноменіне арналған зерттеулердің саны қарқынды өсіп, бұл ұғым психология, цифрлық мінез-құлық, маркетинг және коммуникация

салаларындағы маңызды зерттеу бағыттарының біріне айналды. 2013–2023 жылдар аралығындағы ғылыми жарияланымдарға жүргізілген библиометриялық талдау FoMO-ның көбіне әлеуметтік желілерді пайдалану, әлеуметтік салыстыру, психологиялық әл-ауқат, цифрлық тәуелділік және тұлғааралық өзара әрекет мәселелерімен байланыста қарастырылатынын көрсетті. Қазіргі зерттеулерде FoMO тұлғаның маңызды әлеуметтік тәжірибелерден тыс қалып қою ықтималдығына байланысты туындайтын когнитивтік, эмоциялық және мінез-құлықтық реакцияларды қамтитын көпөлшемді психологиялық конструкт ретінде сипатталады [Emre İ. E., Güsan Köse G., 2025].

FoMO феноменін эмпирикалық тұрғыда зерттеу мақсатында Fear of Missing Out Scale (FoMOS) психодиагностикалық шкаласы әзірленді [Przybylski A.K. et al., 2013]. Қазіргі уақытта бұл шкала әлемнің көптеген елдерінде тілдік және мәдени бейімдеуден өтіп, жастар психологиясын, әлеуметтік желілерді пайдалану ерекшеліктерін және цифрлық тәуелділік формаларын зерттеуде кеңінен қолданылып келеді [Elhai J.D. et al., 2020].

Зерттеудің өзектілігі

FoMO феноменінің өзектілігі әлеуметтік желілердің кең таралуымен және ақпараттық кеңістіктің үздіксіздігімен тікелей байланысты. Эмпирикалық зерттеулер әлеуметтік желілердегі белсенділік артқан сайын тұлғаның өзін өзгелермен әлеуметтік салыстыру деңгейі күшейетінін, соның нәтижесінде мазасыздық пен психологиялық қанағаттанбаушылықтың артатынын көрсетеді [Beyens I. et al., 2016]. Бұл құбылыс әсіресе жасөспірімдер мен жастар арасында айқын байқалады.

Қазақстан қоғамында жастардың әлеуметтік желілерді пайдалану қарқыны жыл сайын артып отырғанымен, FoMO феноменін өлшеуге арналған қазақ тіліндегі валидтелген психодиагностикалық құралдың болмауы отандық психология ғылымындағы маңызды әдіснамалық олқылық болып табылады. Бұл жағдай FoMO деңгейін ұлттық-мәдени ерекшеліктерді ескере отырып зерттеуге және халықаралық деректермен салыстыруға мүмкіндік бермейді.

Przybylski шкаласын қазақ тіліне бейімдеу бір жағынан халықаралық зерттеулермен салыстырмалы талдау жүргізуге, екінші жағынан білім беру, психологиялық кеңес беру және жастармен жұмыс салаларында ғылыми негізделген диагностикалық құралды қолдануға мүмкіндік береді [Gupta M., Sharma A., 2021]. Осыған байланысты FoMO шкаласын қазақ тіліне тілдік және мәдени тұрғыда бейімдеу ғылыми әрі практикалық тұрғыдан өзекті болып табылады.

Негізгі бөлім

FoMO феномені қазіргі цифрлық қоғам жағдайында қалыптасқан әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде қарастырылады. Przybylski және әріптестерінің анықтамасына сәйкес, FoMO – басқа адамдар қатысып жатқан маңызды әлеуметтік оқиғаларды немесе тәжірибелерді өткізіп аламын деген тұрақты алаңдаушылық күйі [Przybylski A.K. et al., 2013]. Бұл анықтама FoMO-ның эмоциялық, когнитивтік және мінез-құлықтық компоненттерден тұратын күрделі психологиялық конструкт екенін көрсетеді.

FoMO феноменінің теориялық негізі көбіне өзін-өзі анықтау теориясымен (Self-Determination Theory) түсіндіріледі [Ryan R.M., Deci E.L., 2000]. Аталған теорияға сәйкес, адамның психологиялық әл-ауқаты автономия, құзыреттілік және байланыс сияқты үш базалық қажеттіліктің қанағаттандырылу деңгейіне тәуелді. Әсіресе байланыс қажеттілігінің жеткіліксіз қанағаттандырылуы әлеуметтік байланыстарға шамадан тыс тәуелділікке және FoMO деңгейінің жоғарылауына әкеледі [Elhai J.D. et al., 2020].

Сонымен қатар, FoMO феномені әлеуметтік салыстыру теориясы тұрғысынан да түсіндіріледі. Әлеуметтік желілерде ұсынылатын идеалдандырылған әрі таңдамалы контент тұлғаның өз өмірін өзгелермен салыстыруына итермелеп, мазасыздық пен қанағаттанбаушылықты

күшейтеді [Reer F. et al., 2019]. Бұл FoMO-ны когнитивтік және аффективтік компоненттері бар көпқырлы психологиялық құбылыс ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Отандық психологиялық зерттеулерде заманауи жастардың виртуалды кеңістіктегі мінез-құлқы, цифрлық тәуелділік формалары және олардың тұлғаның психологиялық әл-ауқатына ықпалы белсенді зерттелуде [Навий Л., Шурманова Ж., Ракишева Г., 2023]. Бұл тұжырымдар FoMO феноменінің әлеуметтік негізін ұлттық контексте түсіндіруге мүмкіндік береді. Әлеуметтік ортадан, әсіресе құрдастар тобынан шет қалу немесе маңызды ақпаратты өткізіп алу сезімі жастардың мазасыздығын арттырып, эмоционалдық қолайсыздыққа әкеледі.

Сондай-ақ, қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде психодиагностикалық құралдарды ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып бейімдеудің әдіснамалық мәселелері және жастар арасындағы интернет-тәуелділік пен тұлғалық сипаттамалардың өзара байланысы қарастырылады [Zamanuddin A., Gulrahman J., 2024]. Бұл бағыт FoMO-ны тек сыртқы технологиялық факторлардың салдары емес, тұлғаның әлеуметтік-психологиялық табиғатымен, оның виртуалды ортадағы қажеттіліктерінің қанағаттандырылу деңгейімен сабақтас құбылыс ретінде кешенді қарастыруға негіз болады.

FoMO деңгейі өзін-өзі реттеу механизмдерімен де тығыз байланысты. Өзін-өзі бақылау деңгейі төмен адамдарда әлеуметтік желілерге тәуелділік жоғары болып, FoMO белгілері айқынырақ байқалады [Buglass S.L. et al., 2017]. Бұл FoMO феноменінің цифрлық тәуелділік түрлерімен өзара байланысын көрсетеді (1-кесте).

1-кесте

Шкала құзыреттілігі

Аспектісі	Сипаттамасы	Эмпирикалық деректер
Өлшеу құралы	Fear of Missing Out Scale (FoMOS); бастапқыда 10 тармақ, бірфакторлы құрылым; 5 балдық Лайкерт шкаласы	Шкала ішкі үйлесімділігі жоғары (Cronbach's α = .87); сенімді психодиагностикалық құрал [Przybylski A.K. et al., 2013; Nunnally J.C., Bernstein I.H., 1994]
Факторлық құрылым	Мәдени ортаға байланысты бірфакторлы немесе екіфакторлы	Кейбір елдерде екі фактор: әлеуметтік мүмкіндіктерді өткізіп алмау және ақпараттық жаңалықтарды өткізіп алмау; FoMO интернетке/смартфонға тәуелділікпен оң, өмірге қанағаттану мен өзін-өзі бағалаумен теріс корреляция көрсеткен [Al-Menayes J.J., 2016; Li Y.Y. et al. 2021; Milyavskaya M. et al. 2018]

FoMO феноменін өлшеу мақсатында әзірленген Fear of Missing Out Scale (FoMOS) бастапқыда 10 тұжырымнан тұратын бірфакторлы құрылым ретінде ұсынылған [Przybylski A.K. et al., 2013]. Шкаланың әр тармағы 5 балдық Лайкерт шкаласы бойынша бағаланады. Авторлар жүргізген психометриялық талдау шкаланың ішкі үйлесімділігінің жоғары екенін көрсетті (Cronbach's α = .87), бұл оның сенімді өлшеу құралы екенін дәлелдейді [Nunnally J.C., Bernstein I.H., 1994].

Кейінгі зерттеулерде FoMO шкаласының факторлық құрылымы әртүрлі мәдени ортада қайта тексеріліп, кейбір елдерде екіфакторлы модельдің бар екені анықталды [Al-Menayes J.J., 2016; Li Y.Y. et al., 2021]. Сонымен қатар, FoMO шкаласының интернетке тәуелділік, смартфонға тәуелділік және әлеуметтік мазасыздық көрсеткіштерімен оң, ал өмірге қанағаттану және өзін-өзі бағалау көрсеткіштерімен теріс байланысы анықталған [Milyavskaya M. et al., 2018].

Осылайша, FoMO феномені қазіргі цифрлық қоғам жағдайында тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын түсіндіретін маңызды теориялық конструкт болып табылады. Przybylski шкаласын қазақ тіліне тілдік және мәдени тұрғыда бейімдеу Қазақстан жағдайында FoMO феноменін ғылыми тұрғыда зерттеуге және практикалық қолдануға мүмкіндік беретін маңызды бағыт болып саналады (2-кесте).

2-кесте

Әдістеменің қазақша нұсқасын әзірлеу кезеңдері

Түпнұсқа	Қазақ тіліне аудармасы
I fear others have more rewarding experiences than me	Басқалар менікінен гөрі қызықтырақ тәжірибелерді бастан өткізеді деп қорқамын
I fear my friends have more rewarding experiences than me	Достарым менікінен гөрі қызықтырақ тәжірибелерді бастан өткізеді деп қорқамын
I get worried when I find out my friends are having fun without me	Достарым менсіз көңіл көтеріп жүргенін білгенде мазасызданамын
I get anxious when I don't know what my friends are up to	Достарым не істеп жүргенін білмеген кезімде мазасызданамын
It is important that I understand my friends' inside jokes	Достарымның «ішкі әзілдерін» түсіну мен үшін маңызды
Sometimes I wonder if I spend too much time keeping up with what is going on	Кейде болып жатқан нәрселерден хабардар болуға тым көп уақыт жұмсаймын ба деп ойлаймын
It bothers me when I miss an opportunity to meet up with friends	Достарыммен кездесуге мүмкіндік жіберіп алсам, ол мені мазалайды
When I have a good time, it is important for me to share the details online (e.g., updating status)	Жақсы уақыт өткізсем, оны онлайн бөлісу (мысалы, статусты жаңарту) мен үшін маңызды
When I miss out on a planned get-together, it bothers me	Жоспарланған кездесуге қатыса алмай қалсам, ол мені мазалайды
When I go on vacation, I continue to keep tabs on what my friends are doing	Демалысқа шыққанда да достарымның немен айналысып жүргенін бақылап жүремін

Зерттелетін әдістеменің мазмұндық валидтілігін анықтау үшін кәсіби тәжірибесі бар бес сарапшыдан тұратын топ қатыстырылды. Әрбір сарапшы әдістеме сұрақтарын 0-5 шкаласы бойынша бағалады:
0 - «мүлдем сәйкес емес, қайта аудару қажет»,
5 - «толық сәйкестік, түзетуді қажет етпейді» (3-кесте).

$$I - CVI = \frac{A}{N}$$

Әдістеменің мазмұндық валидтілігін бағалау үшін D.F.Polit және C.T.Beck ұсынған тәсіл негізінде мазмұндық валидтілік индексі (Content Validity Index, CVI) есептелді. Әрбір тармақ бойынша сұрақтың релеванттылығын көрсететін I-CVI көрсеткіші, сондай-ақ сарапшылар арасындағы кездейсоқ келісімді ескеретін модификацияланған келісім коэффициенті (modified kappa) анықталды [Polit D.F., Beck C.T. 2006].

3-кесте

Бағалау шкаласы

Балл	Мағынасы
0	Мүлдем сәйкес емес, қайта аудару қажет
1	Өте төмен сәйкестік, мағына бұрмаланған
2	Толық емес сәйкестік, елеулі түзету керек
3	Жартылай сәйкес, мағынасы жалпы түсінікті
4	Кішігірім айырмашылықтар бар, бірақ мағына сақталған
5	Толық сәйкестік, түзету қажет емес

Негізгі талдау 3–5 баллдық критерий негізінде жүргізілді. Бұл жағдайда барлық сарапшылар барлық сұрақтарды релевантты деп бағалады (A = 5). Соған сәйкес, барлық тармақтар үшін I-CVI = 1.00, ал модификацияланған κ коэффициенті 1.00-ге тең болды. Шкала деңгейіндегі орташа мазмұндық валидтілік көрсеткіші S-CVI/Ave = 1.00 болып, әдістеменің мазмұндық валидтілігінің өте жоғары деңгейін көрсетті.

Қосымша қатаң талдау 4-5 баллдық критерий негізінде жүзеге асырылды. Нәтижесінде, 10 сұрақтың 9-ында барлық сарапшылар тарапынан толық келісім тіркелді (A = 5). Тек бір тармақта (6-сұрақ) сарапшылардың төртеуі ғана сұрақты релевантты деп бағалады (A = 4). Осы тармақ үшін I-CVI = 0.80, ал модификацияланған к коэффициенті 0.763 болды, бұл көрсеткіштер сарапшылар арасындағы «өте жақсы келісім» деген ұйғарымына сәйкес келді.

Қатаң талдау бойынша есептелген шкала деңгейіндегі орташа мазмұндық валидтілік көрсеткіші S-CVI/Ave = 0.98 құрады. Бұл нәтижелер қатаң бағалау талаптары қолданылғанның өзінде әдістеменің мазмұндық валидтілігі жоғары деңгейде екенін анықтады. Жүргізілген талдау әдістеменің мазмұны зерттеу мақсатына сай келетінін, өлшеу құралы ретінде дәл әрі толық құрастырылғанын көрсетілді.

Сарапшылардың бағалау қорытындылары барлық сұрақтардың мағыналық тұрғыдан өзара үйлесімді екенін растады. I-CVI, modified kappa және S-CVI/Ave көрсеткіштерінің жоғары болуы сарапшылар пікірлерінің бір-біріне жақын екенін, яғни келісім деңгейінің жоғары екенін білдіреді. Сондықтан зерттеліп отырған әдістеменің мазмұндық валидтілігі қалыпты деп бағаланып, оны тәжірибеде қолдануға болатынын дәлелдейді.


Пилоттық кезең

Пилоттық зерттеу онлайн анонимді тұрғыда Google Form платформасында өткізілді. Бұл кезеңге қатысқан 34 респондент бойынша әдістеменің барлық тармақтары үшін сипаттамалық статистика есептелді. Әрбір сұрақ 1-5 балдық шкалада бағаланды. Зерттеуге барлығы 34 респонденттің деректері енгізілді. Барлық айнымалылар бойынша жетіспейтін мәндер анықталған жоқ, бұл деректер жиынтығының толықтығын көрсетеді.

Зерттеуге қатысқан респонденттердің басым бөлігі (97%) – 20-23 жас аралығындағы жастар. Бұл зерттеу аудиториясының мақсатты жас санатына толық сәйкес келетінін көрсетеді, өйткені FoMO феномені көбіне жас ересектер арасында жиі байқалады.


Жыныстық құрамы теңгерімді (50%-50%), бұл пилоттық зерттеу нәтижелерінің жыныстық бейтараптығын және деректердің тепе-теңдігін қамтамасыз етеді (1-сурет).

Респонденттердің басым бөлігі (70% жуығы) әлеуметтік желілерде 2 сағаттан 6 сағатқа дейін уақыт өткізетінін көрсетті. Бұл жастар қоғамында әлеуметтік желілерді белсенді қолданудың жоғары деңгейін және FoMO феноменінің әлеуетті өзектілігін көрсетеді. 6 сағаттан көп уақыт өткізетіндер де (20%) аз емес, бұл топ FoMO қаупі жоғары топқа жатады.




1-сурет. «Күніне әлеуметтік желіде қанша уақыт өткізесіз?» - сұрағына жауаптар бойынша диаграмма

Респонденттердің ең үлкен бөлігі (41%) бірнеше фактордың бір уақытта әсер ететінін көрсетті. Бұл әлеуметтік желіге қайта кіруге итермелейтін себептердің көпқырлы екенін және FoMO-ның ақпараттық, әлеуметтік және эмоционалдық компоненттерінің бар екенін дәлелдейді. Сондай-ақ «Ішім пысқандықтан» және «Хабарламалар» жауаптары жиі таңдалған, бұл жастардың әлеуметтік желілерді эмоциялық реттеу және әлеуметтік байланыс құралы ретінде қолданатынын көрсетеді (2-сурет).



2-сурет. «Сізді әлеуметтік желіге жиі қайта кіруге не итермелейді?» - сұрағына жауаптар бойынша гистограмма

Пилотаж кезінде FoMO сезімін тереңірек анықтау үшін қосымша психологиялық сұрақ қойылды (3-сурет):



3-сурет. «Біреудің өмірі сіздікінен қызықтырақ сияқты көрінген кезде көңіл-күйіңіз өзгереді ме?» - сұрағына жауаптар бойынша гистограмма

Көрсетілген сұрақ FoMO феноменінің эмоционалдық құрамдас бөлігін анықтауға бағытталған. Осындай сұрақтар арқылы қатысушылардың әлеуметтік салыстыру деңгейін, олардың өзін-өзі бағалауға ықпалын және әлеуметтік желілердегі ақпаратқа беретін реакциясын бағалауға болады.

Көбіне жастар өзгенің жетістіктері немесе белсенділігі жайлы ақпараттарды көргенде қызғаныш, өзін төмен сезіну немесе мазасыздық секілді эмоциялар көрсетуі мүмкін. Бұл өз кезегінде FoMO шкаласымен байланысты конструкциялардың негізділігін арттырып, әдістеменің практикалық маңызын күшейтеді.

Қосымша сұрақтардың енгізілуі пилоттық зерттеуді тек техникалық тексерумен шектемей, FoMO құбылысын кеңірек талдауға жағдай жасады. Демографиялық және мінез-құлықтық деректер қатысушылардың әлеуметтік желілерді пайдалану қарқындылығын бағалауға әрі FoMO қаупінің деңгейін анықтауға мүмкіндік берді (4-кесте).

4-кесте

FoMO шкаласы тармақтарының сипаттамалық статистикасы және үлестірім көрсеткіштері

Шкала тармақтары (Сұрақтар)	Mean (M)	Median (Md)	Standard Deviation (SD)	Min	Max	Shapiro-Wilk (p)
1-сұрақ. Басқалар қызықтырақ тәжірибелерді бастан өткізеді	2.15	2.00	1.12	1	5	< 0.05
2-сұрақ. Достарым қызықтырақ тәжірибелерді бастан өткізеді	2.42	2.00	1.05	1	5	< 0.05
3-сұрақ. Достарым менсіз көңіл көтеріп жүргенде мазасызданамын	2.68	3.00	1.18	1	5	< 0.05
4-сұрақ. Достарым не істеп жүргенін білмегенде мазасызданамын	1.85	2.00	0.98	1	4	< 0.05
5-сұрақ. Достарымның «ішкі әзілдерін» түсіну мен үшін маңызды	2.10	2.00	1.15	1	5	< 0.05
6-сұрақ. Хабардар болуға тым көп уақыт жұмсаймын ба деп ойлаймын	2.35	2.00	1.22	1	5	< 0.05
7-сұрақ. Кездесуге мүмкіндік жіберіп алсам, ол мені мазалайды	2.50	2.50	1.08	1	5	< 0.05
8-сұрақ. Жақсы уақыт өткізсем, оны онлайн бөлісу мен үшін маңызды	2.22	2.00	1.14	1	5	< 0.05
9-сұрақ. Жоспарланған кездесуге қатыса алмай қалсам, мазалайды	3.06	3.00	1.25	1	5	< 0.05
10-сұрақ. Демалыста да достарымның не істегенін бақылап жүремін	1.95	2.00	1.02	1	5	< 0.05

Jamovi бағдарламасында өңделген деректер бойынша жекелеген сұрақтардың орташа мәндері 1,85-3,06 аралығында болды. Ең жоғары орташа көрсеткіш 9-сұраққа тиесілі (M = 3,06), ал ең төмен мән 4-сұрақта байқалды (M = 1,85). Қалған сұрақтардың орташа нәтижелері негізінен шкаланың төмен және орта диапазонында шоғырланған.

Медиана мәндері көбіне 1,00-3,00 аралығында орналасып, жауаптардың орталық үрдісін сипаттайды. Кейбір сұрақтарда бірнеше мода анықталғанымен, талдау барысында бірінші мода көрсеткіші назарға алынды.

Стандартты ауытқу көрсеткіштері 0,989 бен 1,36 аралығында өзгеріп, жауаптардың вариативтілігі орташа деңгейде екенін көрсетті. Барлық айнымалылар бойынша минималды мән 1 тең болса, максималды мәндердің басым бөлігі 5 болды. Тек 4-сұрақта ең жоғары көрсеткіш 4 жетті, бұл шкала шектерінің сақталғанын білдіреді.

Айнымалылардың үлестірім сипатын тексеру үшін Шапиро-Уилк критерийі қолданылды. Нәтижесінде барлық сұрақтар бойынша p-мәндерінің 0,05-тен төмен екені анықталып, деректердің қалыпты үлестірімнен статистикалық тұрғыдан елеулі ауытқитыны байқалды.

Осылайша, сипаттамалық статистика көрсеткіштері деректердің орталық тенденциясы мен таралу ерекшеліктерін айқындап, оларды кейінгі статистикалық талдауларда ескеру қажеттігін көрсетеді (5-кесте).

5-кесте

FoMO шкаласы тармақтарының ішкі келісімділігі мен сенімділік талдауы (N = 34)

Шкала тармақтары (Сұрақтар)	Жалпы Кронбах α көрсеткіші	Тармақты алып тастағандағы Кронбах α (тармақ алынып тасталғандағы)
Жалпы FoMO шкаласы (10 тармақ)	0.878	—
1-сұрақ. Басқалар қызықтырақ тәжірибелерді бастан өткізеді	—	0.865
2-сұрақ. Достарым қызықтырақ тәжірибелерді бастан өткізеді	—	0.858
3-сұрақ. Достарым менсіз көңіл көтеріп жүргенде мазасызданамын	—	0.871
4-сұрақ. Достарым не істеп жүргенін білмегенде мазасызданамын	—	0.852
5-сұрақ. Достарымның «ішкі әзілдерін» түсіну мен үшін маңызды	—	0.860
6-сұрақ. Хабардар болуға тым көп уақыт жұмсаймын ба деп ойлаймын	—	0.874
7-сұрақ. Кездесуге мүмкіндік жіберіп алсам, ол мені мазалайды	—	0.869
8-сұрақ. Жақсы уақыт өткізсем, оны онлайн бөлісу мен үшін маңызды	—	0.855
9-сұрақ. Жоспарланған кездесуге қатыса алмай қалсам, мазалайды	—	0.882
10-сұрақ. Демалыста да достарымның не істегенін бақылап жүремін	—	0.861

Шкаланың ішкі біртектілігін бағалау үшін Кронбах α коэффициенті арқылы сенімділік талдауы жүргізілді. Нәтижесінде α = 0,878 мәні алынып, бұл шкаланың сенімділігі мен ішкі келісімділігінің жоғары деңгейде екенін дәлелдейді. Шкала бойынша орташа көрсеткіш 2,27, ал стандартты ауытқу 0,847 болды, бұл респонденттердің жауаптарында жеткілікті дәрежеде өзгергіштік бар екенін көрсетеді.

Жекелеген тармақтарды кезең-кезеңімен алып тастағандағы сенімділік көрсеткіштерін талдау барысында Кронбах коэффициентінің мәндері 0,850-0,885 аралығында өзгеретіні анықталып, бұл шкаланың ішкі келісімділік көрсеткішінің тұрақтылығын көрсетті. Жеке сұрақтарды алып тастаған жағдайда сенімділік коэффициентінің елеулі төмендеуі байқалмады, бұл барлық тармақтардың өлшенетін конструкттың жалпы құрылымымен келісімді екенін анықтады.

Осылайша, жүргізілген талдау нәтижелері шкаланың психометриялық сенімділігінің жеткілікті деңгейде екенін растайды және алынған көрсеткіштерді зерттеудің келесі кезеңдерінде статистикалық талдау мен нәтижелерді интерпретациялау үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және пікір алмасу

Осы зерттеуде FoMO феноменінің теориялық негіздері, өлшеу ерекшеліктері және халықаралық бейімделу тәжірибелері кешенді түрде талданды. Алынған теориялық қорытындылар FoMO-ның заманауи цифрлық қоғам жағдайында қалыптасқан көпқырлы психологиялық конструкт екенін растайды. Әдебиеттерге шолу нәтижелері FoMO-ның тек эмоциялық мазасыздықпен шектелмей, тұлғаның мотивациялық, когнитивтік және мінез-құлықтық компоненттерімен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

Зерттеу барысында FoMO феноменінің өзін-өзі анықтау теориясымен жүйелі байланысы бар екені айқындалды. Қатыстылық қажеттілігінің қанағаттандырылмауы FoMO деңгейінің жоғарылауына әкелетіні туралы тұжырым алдыңғы эмпирикалық зерттеулермен сәйкес

келеді. Бұл нәтиже FoMO-ны әлеуметтік байланыстардың сапасы мен тұлғаның ішкі мотивациялық ресурстары тұрғысынан түсіндірудің маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, әлеуметтік салыстыру теориясы аясындағы деректер әлеуметтік желілердегі идеалдандырылған контенттің FoMO-ны күшейтетін негізгі факторлардың бірі екенін дәлелдейді.

FoMO шкаласына қатысты талдау оның халықаралық деңгейде психометриялық тұрғыдан сенімді және валидті құрал ретінде танылғанын көрсетті. Әртүрлі мәдени контекстерде алынған сенімділік коэффициенттерінің тұрақтылығы шкаланың әмбебаптығын айғақтайды. Алайда кейбір елдерде шкаланың екіфакторлы құрылымда көрінуі FoMO феноменінің мәдени ерекшеліктерге тәуелді екенін білдіреді. Бұл жағдай FoMO-ны өлшеуде мәдени бейімдеудің формалды аудармамен шектелмей, әлеуметтік-нормативтік контексті ескеруді талап ететінін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелерін алдыңғы жұмыстармен салыстыру FoMO-ның интернетке және смартфонға тәуелділікпен, сондай-ақ психологиялық әл-ауқат көрсеткіштерімен жүйелі байланысын тағы бір мәрте растайды. FoMO деңгейі жоғары адамдарда өмірге қанағаттанудың төмендігі және мазасыздық белгілерінің жиі байқалуы бұл феноменнің психикалық денсаулық тұрғысынан тәуекел факторы ретінде қарастырылуы мүмкін екенін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, FoMO тек цифрлық мінез-құлықтың салдары емес, сонымен қатар тұлғаның психоәлеуметтік бейімделуінің индикаторы ретінде де маңызды.

Қазақстандық контекст тұрғысынан алынған теориялық талдау отандық психология ғылымында FoMO феноменін жүйелі зерттеудің қажеттілігін көрсетеді. Жастар арасында әлеуметтік желілердің кең таралуы, цифрлық коммуникацияның күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналуы FoMO деңгейін мәдени тұрғыдан бейімделген құрал арқылы бағалаудың өзектілігін арттырады. Бұл зерттеу болашақта FoMO шкаласын қазақ тіліне бейімдеу және оның психометриялық қасиеттерін эмпирикалық тексеру үшін теориялық негіз ретінде қызмет ете алады.

Сонымен қатар, зерттеудің бірқатар шектеулерін атап өту қажет. Аталған жұмыс теориялық және шолу сипатында болғандықтан, нақты эмпирикалық деректер ұсынылмады. Болашақ зерттеулерде FoMO-ның жас, жыныс, білім беру ортасы сияқты айнымалылармен байланысын эмпирикалық тұрғыда тексеру ұсынылады. Сондай-ақ, FoMO-ның академиялық үлгерімге, психологиялық интервенциялардың тиімділігіне әсерін зерттеу қолданбалы психология үшін маңызды бағыт болып табылады.

Жалпы алғанда, талқылау бөлімі FoMO феноменін кешенді түсінудің және оны ұлттық контексте зерттеудің ғылыми әрі практикалық маңызын көрсетеді. FoMO шкаласының мәдени бейімделуі Қазақстан жағдайында цифрлық дәуір жастарының психологиялық ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Осы зерттеуде A.K.Przybylski әзірлеген FoMO (Fear of Missing Out) шкаласын қазақ тіліне бейімдеу, оның мазмұндық валидтілігін анықтау және бастапқы психометриялық сипаттамаларын бағалау мақсаты қойылды. FoMO феномені қазіргі жастар психологиясында ерекше өзектілікке ие, себебі әлеуметтік желілермен тығыз байланыстағы цифрлық мінез-құлық, онлайн-ортаға тәуелділік, ақпараттық қысым және әлеуметтік мазасыздық процестері тікелей осы құбылыспен байланысты.

Жүргізілген аударма, сараптамалық бағалау және пилоттық апробация FoMO шкаласының қазақ тіліне бейімделген нұсқасы мазмұндық жағынан түсінікті, мәдени тұрғыдан сәйкестендірілген және психометриялық тұрғыдан қолдануға жарамды екенін көрсетті. Мазмұндық валидтілік жоғары деңгейде, ал сенімділік көрсеткіші халықаралық зерттеулерде алынған нәтижелерге ($\alpha = 0.85$-0.91) толық сәйкес келеді.

Бұл FoMO шкаласының қазақ аудиториясында қолдануға болатын, әрі қарай кеңейтілген психометриялық талдаулар (EFA/CFA), үлкейтілген іріктемелермен тексеру және қолданбалы зерттеулер үшін қолайлы құрал екенін дәлелдейді.

Алынған мәліметтер FoMO шкаласының қазақ аудиториясында қолдануға болатын сенімді өлшеу құралы екенін дәлелдейді және болашақта кеңейтілген психометриялық талдаулар мен қолданбалы зерттеулер жүргізуге негіз қалайды. Бұл жұмыс Қазақстан жастарының цифрлық мінез-құлқын зерттеуге арналған қазақ тіліндегі ғылыми құралдардың дамуына маңызды үлес қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Przybylski A.K., Murayama K., DeHaan C.R., Gladwell V. (2013) Motivational, emotional, and behavioral correlates of fear of missing out. *Computers in Human Behavior*, 29(4), 1841-1848. DOI: https://doi.org/10.1016/j.chb.2013.02.014 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0747563213000800 (өтінім берілген күні: 20.01.2026).

Emre İ.E., Güsan Köse G. (2025). Understanding fear of missing out phenomena and social media using bibliometric analysis (2013-2023). *Öneri Dergisi,* 20(63), 197-225. DOI: https://doi.org/10.14783/maruoneri.1586241 (өтінім берілген күні: 20.01.2026).

Elhai J.D., Yang H., Montag C. (2021) Fear of missing out (FOMO): overview, theoretical underpinnings, and literature review on relations with severity of negative affectivity and problematic technology use. *Psychiatry,* 43(2, 203-209. DOI: https://doi:10.1590/1516-4446-2020-0870 [Электрондық ресурс]: URL: https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/32401865/ (өтінім берілген күні: 20.01.2026).

Beyens I., Frison E., Eggermont S. (2016) "I don't want to miss a thing": Adolescents' fear of missing out and its relationship to adolescents' social needs, Facebook use, and Facebook related stress. *Computers in Human Behavior*, 64, 1-8. DOI: https://doi.org/10.1016/j.chb.2016.05.083 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0747563216304198 (өтінім берілген күні: 20.01.2026).

Gupta M., Sharma A. (2021) Fear of missing out: A brief overview of origin, theoretical underpinnings and relationship with mental health. *World Journal of Clinical Cases*, 9, 4881-4889. DOI: https://doi.org/10.12998/wjcc.v9.i19.4881 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.wjgnet.com/2307-8960 (өтінім берілген күні: 20.01.2026).

Ryan R.M., Deci E.L. (2000) Self-determination theory and the facilitation of intrinsic motivation, social development, and well-being. *American Psychologist*, 55(1), 68-78. DOI: https://doi.org/10.1037/0003-066X.55.1.68 [Электрондық ресурс]: URL: https://psycnet.apa.org/doiLanding?doi=10.1037%2F0003-066X.55.1.68 (өтінім берілген күні: 20.01.2026).

Reer F., Tang W.Y., Quandt T. (2019) Psychosocial well-being and social media engagement: The mediating roles of social comparison orientation and fear of missing out. *New Media & Society*, 21(7), 1486-1505. DOI: https://doi.org/10.1177/1461444818823719 [Электрондық ресурс]: URL: https://journals.sagepub.com/doi/10.1177/1461444818823719 (өтінім берілген күні: 20.01.2026).

Навий Л., Шурманова Ж., Ракишева, Г. (2023). Интернет-тәуелділіктің студент психологиясына әсері. *Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы*, 141(4), 228-238 [Электрондық ресурс]: URL: https://bulpedps.enu.kz/index.php/main/article/view/194 (өтінім берілген күні: 20.01.2026).

Zamanuddin Amiri, Gulrahman Jahesh (2024). Adolescent challenges in virtual emotional relationships. *Academic research in educational sciences,* 5 (11), 83-90 [Электрондық ресурс]: URL: https://cyberleninka.ru/article/n/adolescent-challenges-in-virtual-emotional-relationships (өтінім берілген күні: 20.01.2026).

Buglass S.L., Binder J.F., Betts L.R., Underwood J.D. (2017) Motivators of online vulnerability: The

role of fear of missing out and social identity. *Computers in Human Behavior*, 66, 248-255. DOI: https://doi.org/10.1016/j.chb.2016.09.055 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0747563216306902 (өтінім берілген күні: 20.01.2026).

Nunnally J.C., Bernstein I.H. (1994) *Psychometric theory* (3rd ed.). New York: McGraw-Hill.

Al-Menayes J. (2016) Validation of the Arabic version of the Fear of Missing Out Scale and its correlation with social media addiction. *International Journal of Applied Psychology*, 6(2), 41-46. DOI: https://doi.org/10.5923/j.ijap.20160602.04 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.researchgate.net/publication/30162098 (өтінім берілген күні: 20.01.2026).

Li Y.Y., Huang Y.T., Dou K. (2021) Validation and psychometric properties of the Chinese version of the fear of missing out scale. *International Journal of Environmental Research and Public Health*, 18(18), 9896. DOI: https://doi.org/10.3390/ijerph18189896 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.mdpi.com/1660-4601/18/18/9896 (өтінім берілген күні: 20.01.2026).

Milyavskaya M., Saffran M., Hope N., Koestner R. (2018) Fear of missing out: Prevalence, dynamics, and consequences of experiencing FoMO. *Motivation and Emotion*, 42, 725-737. DOI: https://doi.org/10.1007/s11031-018-9683-5 [Электрондық ресурс]: URL: https://link.springer.com/article/10.1007/s11031-018-9683-5 (өтінім берілген күні: 20.01.2026).

Polit D.F., Beck C.T. (2006) The Content Validity Index: Are You Sure You Know What's Being Reported? Critique and Recommendations. *Research in Nursing & Health*, 29, 489-497. DOI: https://doi.org/10.1002/nur.20147 [Электрондық ресурс]: URL: http://cfd.ntunhs.edu.tw/ezfiles/6/1006/attach/33/pta_6871_6791004_64131.pdf (өтінім берілген күні: 20.01.2026).

References

Przybylski A.K., Murayama K., DeHaan C.R., Gladwell V. (2013) Motivational, emotional, and behavioral correlates of fear of missing out. *Computers in Human Behavior,* 29(4), 1841-1848. DOI: https://doi.org/10.1016/j.chb.2013.02.014 [Electronic resource]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0747563213000800 (date of access: 20.01.2026).

Emre İ. E., Güsan Köse G. (2025) Understanding fear of missing out phenomena and social media using bibliometric analysis (2013-2023). *Öneri Dergisi,* 20(63), 197-225. DOI: https://doi.org/10.14783/maruoneri.1586241 (date of access: 20.01.2026).

Elhai J.D., Yang H., Montag C. (2021) Fear of missing out (FOMO): overview, theoretical underpinnings, and literature review on relations with severity of negative affectivity and problematic technology use. *Psychiatry,* 43(2, 203-209. DOI: https://doi:10.1590/1516-4446-2020-0870 [Electronic resource]: URL: https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/32401865/ (date of access: 20.01.2026).

Beyens I., Frison E., Eggermont S. (2016) "I don't want to miss a thing": Adolescents' fear of missing out and its relationship to adolescents' social needs, Facebook use, and Facebook related stress. *Computers in Human Behavior,* 64, 1-8. DOI: https://doi.org/10.1016/j.chb.2016.05.083 [Electronic resource]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0747563216304198 (date of access: 20.01.2026).

Gupta M., Sharma A. (2021) Fear of missing out: A brief overview of origin, theoretical underpinnings and relationship with mental health. *World Journal of Clinical Cases,* 9, 4881-4889. DOI: https://doi.org/10.12998/wjcc.v9.i19.4881 [Electronic resource]: URL: https://www.wjgnet.com/2307-8960 (date of access: 20.01.2026).

Ryan R.M., Deci E.L. (2000) Self-determination theory and the facilitation of intrinsic motivation, social development, and well-being. *American Psychologist,* 55(1), 68-78. DOI: https://doi.org/10.1037/0003-066X.55.1.68 [Electronic resource]: URL: https://psycnet.apa.org/doiLanding?doi=10.1037%2F0003-066X.55.1.68 (date of access: 20.01.2026).

Reer F., Tang W.Y., Quandt T. (2019) Psychosocial well-being and social media engagement: The mediating roles of social comparison orientation and fear of missing out. *New Media & Society,* 21(7), 1486-1505. DOI: https://doi.org/10.1177/1461444818823719 [Electronic resource]:

URL: https://journals.sagepub.com/doi/10.1177/1461444818823719 (date of access: 20.01.2026).

Navij L., Shurmanova Zh., Rakisheva G. (2023) Internet-taueldiliktin student psihologiyasyna aseri. *L.N.Gumilev atyndagy Euraziya ulttyk universitetinin habarshysy. Pedagogika. Psihologiya. Sociologiya seriyasy,* 141(4), 228-238 [Electronic resource]: URL: https://bulpedps.enu.kz/index.php/main/article/view/194 (date of access: 20.01.2026).

Zamanuddin Amiri, Gulrahman Jahesh (2024) Adolescent challenges in virtual emotional relationships. *Academic research in educational sciences,* 5 (11), 83-90 [Electronic resource]: URL: https://cyberleninka.ru/article/n/adolescent-challenges-in-virtual-emotional-relationships (date of access: 20.01.2026).

Buglass S.L., Binder J.F., Betts L.R., Underwood J.D. (2017) Motivators of online vulnerability: The role of fear of missing out and social identity. *Computers in Human Behavior,* 66, 248-255. DOI: https://doi.org/10.1016/j.chb.2016.09.055 [Electronic resource]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0747563216306902 (date of access: 20.01.2026).

Nunnally J.C., Bernstein I.H. (1994) *Psychometric theory* (3rd ed.). New York: McGraw-Hill.

Al-Menayes J. (2016) Validation of the Arabic version of the Fear of Missing Out Scale and its correlation with social media addiction. *International Journal of Applied Psychology,* 6(2), 41-46. DOI: https://doi.org/10.5923/j.ijap.20160602.04 [Electronic resource]: URL: https://www.researchgate.net/publication/30162098 (date of access: 20.01.2026).

Li Y.Y., Huang Y.T., Dou K. (2021) Validation and psychometric properties of the Chinese version of the fear of missing out scale. *International Journal of Environmental Research and Public Health,* 18(18), 9896. DOI: https://doi.org/10.3390/ijerph18189896 [Electronic resource]: URL: https://www.mdpi.com/1660-4601/18/18/9896 (date of access: 20.01.2026).

Milyavskaya M., Saffran M., Hope N., Koestner R. (2018) Fear of missing out: Prevalence, dynamics, and consequences of experiencing FoMO. *Motivation and Emotion,* 42, 725-737. DOI: https://doi.org/10.1007/s11031-018-9683-5 [Electronic resource]: URL: https://link.springer.com/article/10.1007/s11031-018-9683-5 (date of access: 20.01.2026).

Polit D.F., Beck C.T. (2006) The Content Validity Index: Are You Sure You Know What's Being Reported? Critique and Recommendations. *Research in Nursing & Health,* 29, 489-497. DOI: https://doi.org/10.1002/nur.20147 [Electronic resource]: URL: http://cfd.ntunhs.edu.tw/ezfiles/6/1006/attach/33/pta_6871_6791004_64131.pdf (date of access: 20.01.2026).

The FoMO Phenomenon: Adaptation of the Przybylski Scale into the Kazakh Language

[1]S.E.Dauletbek, [1]A.M.Aitysheva
[1]L.N.Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)

Abstract

The article presents the results of the linguistic and cultural adaptation of the FoMO (Fear of Missing Out) scale developed by A.K.Przybylski, which is designed to measure the FoMO phenomenon that has become increasingly relevant in the context of the widespread use of social media. The aim of the study is to determine the content validity of the Kazakh-language version of the FoMO scale and to evaluate its initial psychometric properties. During the study, the scale items were translated into the Kazakh language, and a content validity assessment was conducted with the participation of expert specialists. In accordance with the methodology of Polit and Beck, content validity indices (I-CVI, S-CVI/Ave) were calculated, demonstrating a very high level of content validity. A pilot testing of the instrument was carried out online with the participation of 34 respondents aged 20-23. Descriptive statistics, distribution characteristics, and internal consistency indicators were analyzed. The results showed high reliability of the Kazakh version of the FoMO scale (Cronbach's $\alpha = 0.878$) and confirmed that all items were consistent with the measured construct. In conclusion, the Kazakh-adapted version of the FoMO scale is recommended as a scientific and diagnostic tool for studying social media usage patterns, digital behavior, and the psychological consequences of the FoMO phenomenon among young people in Kazakhstan. The obtained results allow the scale to be used in further extended psychometric validation and applied psychological research.

Keywords: FoMO, social media, psychodiagnostics, scale adaptation, content validity, reliability, youth psychology.

Феномен FoMO: адаптация шкалы Przybylski на казахский язык

[1]С.Е.Даулетбек, [1]А.М.Айтышева
[1]Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева (Астана, Казахстан)

Аннотация
В статье представлены результаты лингвистической и культурной адаптации шкалы FoMO (Fear of Missing Out), разработанной A.K.Przybylski, предназначенной для измерения феномена FoMO, актуального в условиях широкого распространения социальных сетей. Целью исследования является определение содержательной валидности казахскоязычной версии шкалы FoMO и оценка её первоначальных психометрических характеристик. В ходе исследования пункты шкалы были переведены на казахский язык и проведена содержательная экспертиза с участием профессиональных экспертов. В соответствии с методикой Polit и Beck были рассчитаны индексы содержательной валидности (I-CVI, S-CVI/Ave), которые показали очень высокий уровень содержательной валидности шкалы. Пилотная апробация методики была проведена в онлайн-формате с участием 34 респондентов в возрасте 20-23 лет. Были проанализированы показатели описательной статистики, особенности распределения и коэффициенты внутренней согласованности. Результаты показали высокую надёжность казахскоязычной версии шкалы FoMO (Cronbach's α = 0,878) и соответствие всех пунктов измеряемому конструкту. В заключение отмечается, что адаптированная на казахский язык версия шкалы FoMO может быть рекомендована в качестве научно-диагностического инструмента для изучения особенностей использования социальных сетей, цифрового поведения и психологических последствий феномена FoMO среди молодёжи Казахстана. Полученные результаты позволяют использовать шкалу в дальнейшем в расширенных психометрических проверках и прикладных психологических исследованиях.
Ключевые слова: FoMO, социальные сети, психодиагностика, адаптация шкалы, содержательная валидность, надежность, психология молодежи.

Поступила в редакцию: 03.02.2026
Одобрена: 25.03.2026
Первая публикация на сайте: 16.06.2026

МРНТИ: 14.35.07 https://doi.org/10.65247/3105-3432-2026-2.11

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ SOFT SKILLS ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

** [1]А.А.МУКАШЕВА, [1]А.М.БЕЙСЕНБАЕВА*
[1]Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
(Қарағанды, Қазақстан)
**aidana.mukasheva2004@gmail.com, aimereke0171@gmail.com*

Аңдатпа
Бұл мақала болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің soft skills дағдыларын дамыту үдерісінде жасанды интеллект құралдарын қолдану мүмкіндіктерін қарастыруға арналған. Қазіргі білім беру кеңістігінде кәсіби құзыретті, икемді ойлайтын және цифрлық технологияларды тиімді пайдалана алатын педагогтерді даярлау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Мақалада soft skills ұғымының мазмұны ашылып, оны қалыптастырудағы жасанды интеллект құралдарының рөлі мен педагогикалық әлеуеті сипатталады. Зерттеу барысында жоғары білім беру ұйымында «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын студенттері мен бастауыш сынып мұғалімдеріне сауалнама жүргізіліп, олардың soft skills дағдыларының қалыптасу деңгейі мен жасанды интеллектке деген көзқарасы анықталды. Алынған нәтижелер талданып, болашақ